

**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің  
«Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК мен  
Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау  
министрлігінің «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ-ның  
арасындағы ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы Меморандум**

**2023 жылғы 2 мамыр**

**Астана қаласы**

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – ЖББДҰО), бір тараптан, жарғы негізінде әрекет ететін директор, Айдос Агадарбекович Мухатаев және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ (бұдан әрі – ЕРДО) жарғы негізінде әрекет ететін оның Президенті Дәulet Рашидұлы Арғындықов екінші тарапынан, бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын, төмендегілер туралы осы Меморандумды жасасты:

**1. Меморандумның мақсаты**

1.1. Осы Меморандумды Тараптар Ұлттық біліктілік жүйесінің базалық құралдарын енгізу шеңберінде ынтымақтастық ету мақсатында жасады.

Тараптардың ынтымақтастығы Ұлттық біліктілік жүйесін іске асыруда және білім беру бағдарламаларын өзірлеу кезінде кәсіптік стандарттарды пайдалануда Тараптардың өзара іс-қимылдының тиімділігін арттыруға бағытталған.

Кәсіптік стандарттарды өзектендіру және өзірлеу қажеттілігін талқылау, сондай-ақ Ұлттық біліктілік жүйесі мен білікті кадрларды даярлау жүйесін әдіснамалық қолдау.

1.2. Осы Меморандумда білім беру бағдарламаларын өзірлеу кезінде кәсіптік стандарттарды қолдану бойынша ынтымақтастық нысандары және Тараптардың жауапкершілігін бөлу айқындалған.

**2. Тараптардың ынтымақтастық салалары**

2.1. Осы Меморандум шеңберінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады және теңдік, ашықтық және парасаттылық қағидаттарына негізделген өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

2.2. Осы Меморандумды іске асыру бойынша өзара ынтымақтастықты жүзеге асыру мақсатында Тараптар:

2.2.1. Ұлттық біліктілік жүйесінің барлық қатысуышыларының тиімді өзара іс-қимылы, өзекті ақпаратқа еркін қол жеткізу үшін Ұлттық біліктілік жүйесін дамыту жөніндегі бірлескен жұмыс топтарын құруға;

2.2.2. кәсіби біліктілік жүйесін өзектендіру бойынша консультативтік және әдіснамалық қолдау көрсетуге;

2.2.3. кәсіптік стандарттар негізінде білім беру бағдарламаларын өзірлеушілер үшін жоғары білім беру саласында бірлескен вебинарлар, тренингтер және өзге де іс-шаралар өткізу;

2.2.4. осы Меморандум шеңберінде бірлескен қызметтің тиімділігіне мониторинг жүргізу және талдау мақсатында ұсыныстар, нұсқаулықтар және өзге де акпараттық-анықтамалық материалдар жіберуге келісті.

### **3. Тараптардың өзара іс-қимылы**

3.1. Осы Меморандум шеңберінде Тараптар теңдік, ашықтық және парасаттылық қағидаттарында өзара іс-қимыл жасайды.

3.2. Тараптар туындастырылған мәселелерді қарau және бірлескен іс-қимылдар жүргізу үшін Тараптар ұсынатын уәкілетті өкілдер арқылы осы Меморандумның тармақтарын орындау мәселелері бойынша бір-бірімен өзара іс-қимыл жасайды.

3.3. Тараптар осы Меморандумды орындауда бір-біріне барынша жәрдем көрсетуге ұмтылатын болады.

3.4. Осы Меморандум бойынша барлық өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың келісімі бойынша жазбаша нысанда рәсімделеді.

### **4. Қорытынды ереже**

4.1. Тараптар құпия деп танылған ақпаратты қамтитын мәліметтерді жария етпеуге міндеттенеді.

4.2. Осы Меморандумның қолданылу саласына қатысты мәселелер бойынша Тараптар арасында даулар мен келіспеушіліктер туындаған кезде, шешім Тараптар арасындағы келіссөздер немесе кенес беру жолымен қабылданады.

4.3. Осы Меморандум оған Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптардың өзара келісімі бойынша немесе Тараптардың бірінің қалауы бойынша екінші Тарапты кемінде 15 күн бүрін алдын ала хабардар ете отырып, ол бұзылған кезге дейін қолданылады.

4.4. Осы Меморандум Тараптар үшін занды және қаржылық міндеттемелерді туындағайтайды.

4.5. Осы Меморандум әрқайсысы бірдей занды күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада жасалды және Тараптардың әрқайсысына берілді.

**Қазақстан Республикасы Ғылым  
және жоғары білім министрлігінің  
«Жоғары білім беруді дамыту**

**Штаттық орталығы» ШЖҚ РМК  
Председатель**

**А.А. Мухатаев**

**Қазақстан Республикасы Еңбек  
және халықты әлеуметтік  
қорғау министрлігінің «Еңбек  
ресурстарын дамыту орталығы» АҚ президенті**

**Д.Р. Арғындықов**

